«БЕКІТЕМІН»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректор өкілі
_____Женгиз Томар
«07» 04 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры
_____Ж.Темірбекова
«07» 04 2022 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-111-2022

ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Ғылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

2. Әзірлеген
   - Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
3. Келісілді
   - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
   - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
   - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
   - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
   - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
   - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі - 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан-2022

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жалпы ережелер	4
5	Конкурсты ұйымдастыру тәртібі	5
6	Постдокторантураға қабылданған постдокторантқа қойылатын талаптар	6
7	Постдокторантура бағдарламасынан өту ережелері	6
8	Постдокторанттардың жеке жұмыс жоспарын бекіту	7
9	Постдокторанттардың аралық және қорытынды аттестаудан өту талаптары	8
10	Постдокторанттардың құқықтары мен міндеттері	9
11	Өзгерістерді енгізу тәртібі	10
12	Келісу, сақтау және тарату	10
13	Қосымшалар	12
14	Танысу парағы	16
15	Өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу парағы	17

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі – университет) постдокторантура бағдарламасын жүзеге асырудың міндетті талаптары мен тәртібін анықтайды.

1.2. Бұл Ереже постдокторантура бағдарламасы бойынша кадрларды даярлауға қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, ҒЗИ/ҒЗО-лар, ғылыми, қаржылық құрылымдар және т.б.) үшін негізгі құжат болып табылады.

1.3. Постдокторантураны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық құрылымдарға кафедралар, факультеттер және ҒЗИ/ҒЗО-лар жатады. Университет деңгейінде постдокторантура бағдарламасының талаптарының орындалуын үйлестіруді және бақылауды университеттің Ғылым департаменті жүзеге асырады.

1.4. Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру кафедралардың, факультеттердің және ҒЗИ/ҒЗО-лардың ғылыми зерттеу бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

1.5. УЕ-ХҚТУ-111-2022 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- ҚР Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығы.
- Университет Жарғысы;
- Регламенттер;
- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Осы Ережеде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Постдокторантура бағдарламасының Ережесі;

Постдокторантура – философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі немесе ғылым докторы/кандидаты ғылыми дәрежесін алған және диссертациясын алты жылдан аспайтын мерзімде қорғаған талантты зерттеушілерді қолдауға арналған және конкурстық негізде университеттің ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру шеңберінде ғылыми ұжымдар құрамында зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жалғастыру үшін ғылыми қызметкерлерді тарту бағдарламасы;

Постдокторант – постдокторантура бағдарламасына конкурс негізінде қабылданған тұлға;

«Жас ғалым» жобасы бойынша постдокторант – жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпазы

Ректорат – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры және ректор өкілі;

ҒЗИ/ҒЗО – Ғылыми-зерттеу институты/Ғылыми-зерттеу орталығы;

ҚР – Қазақстан Республиксы;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

УЕ – университет ережесі;

ПЖЖЖ – Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары;

ОПҚ - профессор-оқытушы құрамы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Постдокторантураның мақсаты - білім мен ғылымды өндіріспен біріктіруге бағытталған ғылыми тақырыптар мен жобалар бойынша перспективалық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін конкурстық негізде жоғары білікті және бәсекеге қабілетті зерттеушілерді қалыптастыру, дарынды жас ғалымдарды университетке тарту және жас ғалымдардың үлесін арттыру.

4.2. Постдокторантура бағдарламасы келесі жұмыстарды қамтиды:

- Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы;
- Аралық және қорытынды аттестаттау.

4.3. Постдокторантура бағдарламасына қабылдау конкурс негізінде жүргізіледі. Конкурсқа университеттің оқытушы-профессорлық құрамы, ғылыми қызметкерлері, сондай-ақ сырттан да үміткерлер қатыса алады. Сыртқы үміткерлердің ғылыми зерттеу бағыты Университеттің ғылыми басымдықтарына сәйкес келуі қажет. Жеңімпаз деп танылған жағдайда үміткер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындауға міндеттенеді.

4.4. Постдокторантура бағдарламасына қабылданатын зерттеушілер келесі критерийлерге сәйкес келуі қажет:

- Ғылым кандидаты, ғылым докторы ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе оған теңестірілген ғылыми дәрежесі бар және постдокторантура бағдарламасына түсу кезінде соңғы 6 (алты) жылдан аспайтын мерзімде диссертациясын қорғаған болуы;
- 40 жасқа дейінгі ҚР азаматтары немесе шетелдік азаматтар;
- Ағылшын тілін еркін меңгеруі (IELTS сертификаты 6.0 балдан төмен емес / TOEFL сертификаты 90 балдан темен емес, ҚР және ТМД азаматтары үшін)
- Соңғы 3 жылда Web of Science (бірінші және екінші квартильдер) немесе Scopus (процентилі 50-ден төмен емес) библиометриялық базасына кіретін халықаралық рецензияланатын басылымдарда кемінде 3 жарияланымының болуы;
- Гранттық, бағдарламалық-нысаналы және өзге де келісімшарттық қаржыландыру аясындағы ғылыми жобаларға қатысу тәжірибесінің болуы.

Конкурсқа қатысуға бұрын осы бағдарламаның жеңімпаздары болған тұлғалар жіберілмейді.

4.5 «Жас ғалым» жобасы бойынша постдокторантура бағдарламасына тапсыратын үміткерлерді іріктеу «Жас ғалым» жобасы конкурсы ережелеріне сәйкес жүргізіледі және аралық/қорытынды аттестаттаудан осы ереженің талаптарына сәйкес өтеді.

5. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Университетте постдокторантура бағдарламасының іске асырылуын Ғылым департаментіне қарасты Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімі үйлестіреді және келесілерді жүзеге асырады:

- конкурс өткізу туралы бұйрықтар жобасын дайындау;
- постдокторантура бағдарламасына үміткерлердің өтінімдерін қабылдау және тіркеу;
- постдокторант позициясына өтінімдерді жинау және үміткерлерге кеңес беру;
- комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық жобасын дайындау;
- сұхбаттасу мерзімін белгілеу;
- сұхбаттасуды ұйымдастыру;
- конкурстың қорытындысын хабарлау және бұйрық жобасын дайындау;

5.2. Ашық конкрусқа өтінім сканерленген түрде мына мекен-жай бойынша қабылданады: postdoc@ayu.edu.kz бекітілген бірыңғай нысан бойынша (**1-қосымша**).

5.3. Постдокторантура бағдарламасына іріктеуді Университет ректоры және ректор өкілінің бұйрығымен бекітілетін постдокторантура бойынша арнайы Конкурстық Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады. Комиссия құрамына жетекші ғалымдар, жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлер және ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесі, университеттің негізгі ғылыми бағыттары бойынша тәжірибесі бар ғалымдар кіруі тиіс.

5.4. Өтінімдерді бағалау критерийлері:

- үміткердің жарияланымдық белсенділігі;
- зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның нарықтық қажеттілікке сәйкестігі;
- қаржыландырылатын зерттеу жобаларының, қолданыстағы гранттардың немесе келісімшарттардың болуы;
- ғылыми зерттеу жоспарының сапасы мен жаңашылдығы;
- халықаралық ынтымақтастық әлеуеті;
- зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру және практикалық қолдану мүмкіндігі;
- академиялық мобильділік тәжірибесі.

Іріктеу кезінде үміткерлердің көрсеткіштері тең болған жағдайда, басымдық ғылыми-метриялық көрсеткіштері жоғары журналдарда жарияланымдары бар үміткерлерге беріледі.

5.5. Постдокторантура бағдарламасына үміткер Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөліміне келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- Постдокторантура бағдарламасы бойынша конкурсқа қатысушының өтінімі **(Қосымша 1)**;
- Кеңейтілген кәсіби түйіндеме – ғылыми паспорт (**Қосымша 2**);
- Постдокторантура бағдарламасына қажетті нақты дағдыларды, жұмыс тәжірибесін ашатын уәждемелік хат (1000 белгіден артық емес);
- Web of Science және Scopus базаларындағы соңғы 5 жыл аралығында индекстелетін журналдардағы жарияланымдарының тізімі;
- Ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі туралы дипломның көшірмесі. Ағылшын тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі расталған аудармасымен болуы тиіс;
- IELTS немесе TOEFL сертификаты (IELTS сертификаты 6.0 балдан төмен емес / TOEFL сертификаты 90 балдан темен емес, ҚР және ТМД азаматтары үшін);

- Тиісті саладағы ғалым-зерттеушілерден жұмыс беруші ұйымның қолдарымен және мөрімен расталған екі ұсыныс (бар болса).

5.6. Барлық құжаттар электронды түрде (сканерленген түрде) мына мекен-жайға жіберіледі postdoc@ayu.edu.kz. Құжаттардың толық пакетінің болмауы үміткерді конкурстан шығаруға негіз болуы мүмкін. Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қаралмайды.

5.7. Үміткерлерді конкурстық іріктеуді Комиссия жүргізеді, ол туралы хаттамасы жасалады. Конкурс нәтижелері Университет ректоры және ректор өкілінің бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстық іріктеудің негізгі критерийлері:

- Үміткердің конкурстың формалды талаптарына сәйкестігі;
- Үміткердің соңғы 3 жылдағы жарияланымдық белсенділігі;
- Үміткердің өзге де зерттеу қызметі (конференцияларға қатысу, гранттар алу, ғылыми тағылымдамалар және т.с.с.);
- Үміткердің зерттеу тақырыбының конкурста мәлімделген бағытқа сәйкестігі;
- Ғалымдардан алынған ұсыныстардың мазмұны.

6. ПОСТДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ПОСТДОКТОРАНТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Қабылданған постдокторантпен шарт жасалады. Шартта постдокторантурада өзіне жүктелген міндеттемелерді, сондай-ақ күнтізбелік жоспарды орындамаған жағдайда шығындарды өтеу шарттары жазылады.

6.2. Постдокторантураның барлық кезеңіне арналған зерттеу қызметінің және жарияланымдардың жоспарын Университеттің Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекітеді.

6.3. Постдокторанттар университеттің ішкі кәсіби рейтингін анықтауға қатыса алады. Осы Ережемен белгіленген міндеттемелерден тыс мақалалар жарияланған жағдайда, постдокторант университеттің ішкі ережелеріне сәйкес берілетін жарияланымдарды ынталандыру сыйақысын алуға құқылы.

7. ПОСТДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫНАН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

7.1. Постдокторант пен Университет арасында кемінде 3 (үш) жыл мерзімге шарт жасалады. Қажет болған жағдайда шартты 5 (бес) жылға дейін ұзарту Университеттің Ғылым комитетінің келісімімен, Ректор және ректор өкілінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

7.2. Постдокторантураны өту мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ретінде есептеледі.

7.3. Постдокторантураны аяқтаудың негізгі критерийі қорытынды аттестаттау талаптарына сәйкес ғылыми жарияланымдардың болуы болып табылады.

7.4. Постдокторанттың педагогикалық жұмыспен айналысуға құқығы бар, бұл ретте оқу жүктемесінің көлемі 0,5 шаттық бірлікті аспауы керек. Постдокторанттың оқу жүктемесіне 5 ECTS аспайтын бір пән (әдетте, магистратура немесе докторантураның оқу жоспары пәні) және дипломдық жұмыстарға, сондай-ақ, ғылыми зерттеу бағыты бойынша кемінде 1 докторлық және (немесе) 2 магистрлік диссертацияларға жетекшілік ету кіреді.

7.5. Постдокторанттар университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен ай сайынғы шәкіртақымен қамтамасыз етіледі.

7.6. Постдокторанттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорының келісімі бойынша ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.

7.7. Нормативтік ішкі құжаттарға сәйкес жылына 1 (бір) рет ұзақтығы 7 (жеті) күннен аспайтын ғылыми іссапарға өз қаражаты есебінен шығуға құқылы. Постдокторантура бағдарламасының ережесінде көрсетілген негізгі талаптардан тыс Web of Science деректер базасында алғашқы екі квартильге кіретін (Q1 және Q2) және/немесе SCOPUS деректер базасында Cite Score бойынша кемі 75 процентиль болатын ғылыми журналда 2 немесе одан көп мақала жариялау шартымен іссапар қаражаты Университет есебінен төленеді.

7.8. Постдокторантқа Университеттің зертханалық жабдықтарын, электрондық деректер қорын және кітапхана ресурстарын пайдалану мүмкіндігі беріледі

8. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫН БЕКІТУ

8.1. Постдокторанттар қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде келесі бөлімдерді қамтитын постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – ПЖЖЖ) әзірлейді:

- Ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жеке жоспары;
- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар жоспары;
- Шетелдік іссапарлар жоспары (конференцияларға қатысу).

8.2. ПЖЖЖ кафедра меңгерушілері, факультет декандары, ҒЗИ/ҒЗО директорлары және Ғылым департаменті директорымен келісіліп, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректор тарапынан бекітіледі.

8.3. ПЖЖЖ постдокторантура бағдарламасын өту үшін негіз болады. Қажет болған жағдайда ПЖЖЖ жыл сайын пысықталуы мүмкін.

8.4. Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары жылдар бойынша бөлінетін постдокторантура бағдарламасын өтудің барлық кезеңіне әзірленеді. Жұмыс жоспарында Постдокторанттың ғылыми жарияланымдарының жоспары шамамен жарияланатын тақырыптарды, жұмыстарды жариялау жоспарланған ғылыми басылымдардың атауларын, басылымдар бойынша жұмыстарды орындау мерзімдерін қамтуы керек.

8.5. Постдокторанттардың ғылыми жұмысының мониторингін ұйымдастыру мақсатында постдокторанттың жеке жұмыс жоспарының бір данасы кафедрада, ҒЗИ/ҒЗО-да сондай-ақ, бір данасы Ғылым департаментінде постдокторанттың жеке іс папкасында сақталады.

8.6. Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарларының уақтылы дайындалуы, бекітілуі және толық орындалуына постдокторанттар, кафедра меңгерушілері мен ҒЗИ/ҒЗО басшылары жауапты.

9. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТУ ТАЛАПТАРЫ

9.1. Постдокторант оқу жылының соңына дейін, яғни 15 маусымнан кешіктірмей кафедралар мен факультеттердің және ҒЗИ/ҒЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде ғылыми семинар түрінде басылымға тапсырылған/қабылданған жарияланымдарды көрсете отырып, атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

9.2. Постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау үшін аралық және қорытынды аттестаттау түрінде бақылау жүргізіледі.

9.3. Постдокторант үшінші жыл аяқталуының қорытындысы бойынша бағдарламаға қатысуды ұзарту туралы өтініш бере алады. Бұл өтініш постдокторантураны іске асыруға қатысатын бөлімшенің басшысы (кафедра меңгерушісі, факультет деканы немесе ҒЗИ/ҒЗО директоры) қолдау көрсеткен жағдайда қаралады.

9.4. Постдокторанттың қызметін бағалау кезінде зерттеу жұмысының нәтижелері, университеттің ғылыми-білім беру қызметтеріне қатысуы, постдокторантураны іске асыруға қатысатын бөлімшенің қызметіне жалпы қатыстылығы ескеріледі.

9.5. Постдокторанттардың аттестатталуы

- Постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының аралық аттестатталуы жыл сайын кафедра, факультет және ҒЗИ/ҒЗО кеңейтілген мәжілісінде ғылыми семинар түрінде өткізіледі.

- Жарияланымдарға қойылатын талаптар:

1-ші жылдың қорытындысы бойынша – кемінде 2 (екі) мақала;

2-ші жылдың қорытындысы бойынша – кемінде 2 (екі) мақала;

3-ші жылдың қорытындысы бойынша – кемінде 3 (үш) мақала.

- Мақалалар мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) дерекқорында кемінде үшінші квартильде (Q3) индекстелетін және нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда;

- немесе Scopus дерекқорында процентилы кемінде 25 болатын журналдарда.

- Егер мақала Q1 квартиліндегі журналда жарияланса, ол екі мақала ретінде есептеледі.

- Постдокторант мақалаларында «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» деген аффиляцияны көрсетуі міндетті.

- Постдокторант жариялаған әрбір мақалада «Acknowledgment» (Алғыс білдіру) бөлімінде: *«Бұл мақала Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің постдокторантура бағдарламасы шеңберінде дайындалды»* деген мәтін міндетті түрде көрсетілуі тиіс

9.6. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша постдокторантураны жалғастыру немесе тоқтату және постдокторантқа ай сайынғы стипендияны одан әрі төлеу немесе тоқтату туралы шешім қабылданады.

9.7. Постдокторанттар Ғылым департаментіне жүргізілген зерттеулер туралы жылдық есептің кафедра меңгерушілері немесе ҒЗИ/ҒЗО басшылары растаған бір данасын ұсынады.

9.8. Постдокторанттардың қорытынды аттестаттауы постдокторантураға түскен кезден бастап үшінші жылдың соңында кафедралар мен факультеттердің және ҒЗИ/ҒЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінде Ғылым департаментінің қызметкерлерінің қатысуымен өтіп, Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасына

сәйкес нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus жүйесінде индекстелген халықаралық ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдардың есебін ұсынуды және көпшілік алдында ғылыми баяндама жасауды қамтиды.

9.9. Постдокторанттардың қорытынды ғылыми есебі келесі шарттар орындалған жағдайда қорғауға жіберіледі:

- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) деректер базасына сәйкес кемінде үшінші квартильден (Q3) төмен емес немесе Scopus дерекқорында процентилы кемінде 25 болатын журналдардағы кемінде 7 (жеті) жарияланым. Жарияланымдар саны, егер осы Қағиданың 9.5-тармағының шарттары орындалса, көрсетілген мөлшерден төмен болуы мүмкін.

9.10. Постдокторанттың баяндамасы көпшілік алдында ғылыми пікірталас сипатында ұсынылып және ғылыми этика принциптерін сақтауы қажет. Бұл ретте ғылыми-тәжірибелік сипаттағы нәтижелердің, қорытындылар мен ұсыныстардың жаңалығы, негізділігі жан-жақты сарапталуға тиіс. Кафедра меңгерушілері немесе ҒЗИ/ҒЗО басшылары постдокторант ұсынған ғылыми есептің сараптамасының сапасы мен объективтілігіне, қабылданған шешімдердің негізділігіне жауап береді. Кафедралар мен факультеттердің және ҒЗИ/ҒЗО-лардың кеңейтілген мәжілісі ашық дауыс беру арқылы постдокторанттардың қорытынды аттестаттауы туралы екі шешімнің бірін қабылдайды:

- Аттестаттау;
- Аттестаттамау.

9.11. Постдокторанттардың қорытынды аттестаттау нәтижелері белгіленген үлгідегі хаттамамен ресімделеді және әрбір постдокторант үшін дербес толтырылады. Хаттаманың барлық парақтары нөмірленеді. Хаттаманы кафедралар мен факультеттердің және ҒЗИ/ҒЗО-лардың кеңейтілген мәжілісінің хатшысы толтырады және мәжіліске қатысқан мәжіліс төрағасы қол қояды. Мәжілістен кейін барлық хаттамалар Ғылым департаментіне, одан кейін белгіленген тәртіпте сақтау үшін университет мұрағатына тапсырылады.

9.12. Постдокторант аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін атқарылған жұмыс туралы есепке енгізілген жарияланымда бірнеше постдокторант автор болған жағдайда, жарияланым тек бірінші авторға есептеледі.

9.13. Постдокторанттардың қорытынды аттестациясын жалпы ұйымдастыру мен бақылауды университеттің кафедра меңгерушілері, ҒЗИ/ҒЗО директорлары, факультет декандары және Ғылым департаменті жүзеге асырады.

10. ПОСТДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Университеттің постдокторанттары, ҚР «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңдарымен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен, университет Жарғысы және ішкі ережелермен белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие.

10.2. Постдокторанттар жеке жұмыс жоспарында қарастырылған барлық жұмыс түрлерін уақтылы және сапалы орындауға міндетті.

10.3. Постдокторанттардың міндеттері:

- Жеке жоспарларда қарастырылған жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды белгіленген мерзімде тапсыру;

- Есеп беру мерзімдерін сақтау (орындалған ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы, тағылымдамадан өткен жағдайда шетелдік тағылымдамадан өту туралы және т.б.);

- Тегінің, тұрғылықты мекен-жайының және байланыс деректерінің өзгеруі туралы университеттің тиісті әкімшілік бөлімдерін уақтылы хабардар ету;

- Белгіленген мерзімде қорытынды аттестациядан өту;

- Постдокторантура бағдарламасын аяқтағаннан кейін университетте кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істеу және (немесе) кемінде 3 (үш) жыл бойынша халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Scopus немесе Web of Science) жылына кем дегенде 1 ғылыми жарияланымда университет аффилиациясын көрсету (Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University).

10.4. Постдокторант аттестаттау талаптарын орындамауына байланысты постдокторантура бағдарламасынан шығарылған жағдайда, университеттің постдокторантура бағдарламасынан өту кезеңінде жұмсаған қаражатты университетке өтейді.

10.5. Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру процесінде туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

10.6. Университет постдокторанттарының осы Ережеде көзделмеген басқа да құқықтары мен міндеттері ҚР-ның нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

11 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

12.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

12.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

12 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13.1. Бұл Ереже Университет Сенатының мәжілісі шешімімен бекітілді.

13.2. Осы Ереженің бақылау данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында, жұмыс данасы Ғылым департаментінде сақталады.

13.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылым департаментіне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде институттар, факультеттер мен кафедраларға жолданады.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры	А.Ошибаева
Академиялық мәселелер вице-ректоры	Э.Идрисова
Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры	Пусат Пилтен
Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы	Ж.Дарибаев
Заң бөлімінің басшысы	Г.Мусаханов
Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы	Қ.Тубеков

ҚОСЫМША 1
Ф-ҒБ-002/007

Постдокторантура бағдарламасы бойынша конкурсқа қатысушының өтінімі
*барлық жолдар толтырылуға міндетті

1	Тегі, аты, әкесінің аты	
2	Туған күні	
3	Өтініш беруші аспирантурада және/немесе докторантурада оқыған жоғары оқу орнының атауы	
4	Аспирантураны және/немесе докторантураны бітіру мерзімі	
5	Қорғалған диссертация тақырыбы	
6	Ғылыми дәрежесі	
7	Ғылыми дәрежені беру күні	*Ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе PhD дипломының көшірмесін қоса беру керек. Ағылшын тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орын тіліндегі куәландырылған аудармасымен бірге болуы керек.*
8	Рейтингтік журналдардағы басылымдардың жалпы саны	*Web of Science, Scopus деректер базасынан скриншотты журналдың импакт-факторы туралы ақпаратпен бірге салыңыз*
9	Web of Science, Scopus деректері бойынша құжаттарды тапсыру кезіндегі Хирша Индексі	
10	Қаржыландыру көзін көрсете отырып, конкурсқа қатысушы жүзеге асыратын ғылыми жобалар туралы ақпарат	
11	Конкурс қатысушысы қазіргі кезде жұмыс істейтін ұйымның атауы	
12	Индексі көрсетіле отырып ұйымның пошталық мекен-жайы	
13	Қызметі	
14	Электронды пошта мекен-жайы	
15	Байланыс телефоны	
16	Басқа ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі	
17	Жалпы еңбек өтілі	
18	Ағылшын тілін білу деңгейі	
19	Конкурсқа қатысушының өтінімдегі ақпаратты университеттің ресми сайтында орналастыруға келісімі	

ҚОСЫМША 2

Ф-ҒБ-002/008

Түйіндеме – ғылыми паспорт

Конкурсқа қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	
Туған күні	
Конкурсқа қатысушы оқыған, тағылымдамадан өткен, жұмыс істеген жетекші шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орнындары мен ғылыми ұйымдар (жоғары оқу орнының немесе ғылыми ұйымның атауы, ел, қала, оқу мерзімі, тағылымдама, жұмыс (аа-жжжж бастауы –аа-жжжж- аяқталуы)).	
Конкурсқа қатысушының ғылыми жұмысын орындау **тәжірибесі** (Жобалардың толық атауы (5-тен көп емес), қатысушы қатысқан, жоба жүзеге асырылған ұйым, жобаның шығарылған жылы (жылдары).	
Конкурсқа қатысушының ғылыми қызметіндегі **қоғамдық мойындалуы және жетістіктері** (сыйақылар, медальдар, дипломдар, патенттер, ноу-хау және т.б.).	
Конкурсқа қатысушының **басты дағдылары** (қандай білімдер мен дағдылар жиынтығын меңгергеніңізді көрсетіңіз).	
Жетекші ғалымдар ұсынымдарына **сілтеме**.	
Қосымша **ақпарат** - конкурсқа қатысушының қалауымен ұсынылады.	

ҚОСЫМША 3

Ф-ҒБ-002/019

ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

_____Факультеті, ҒЗИ/ҒЗО

«БЕКІТІЛДІ»
Ғылым және стратегиялық
даму вице-ректоры
А. Ошибаева

_____
(қолы)
«___»_____20__ж.

ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

_____
(постдокторанттың аты-жөні)

№_____ қабылдау туралы бұйрық «___»_____20__ ж.

Постдокторантура бағдарламасынан өту мерзімі _20..-20..__жж.

Постдокторанттың ғылыми зерттеу жұмысының бағыты
_____
_____

1 ПОСТДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

20..-20.. оқу жылы бойынша	
Жариянатын тақырыптары	1.
	2.
	3.
Жоспарланған ғылыми басылым атаулары және журналдың квартиль көрсеткіші	1.
	2.
	3.
Орындау мерзімі	Айы, жылы
	Айы, жылы
	Айы, жылы
20..-20.. оқу жылы бойынша	
Жариянатын тақырыптары	1.
	2.
	3.
Жоспарланған ғылыми басылым атаулары және журналдың квартиль көрсеткіші	1.
	2.
	3.
Орындау мерзімі	Айы, жылы
	Айы, жылы
	Айы, жылы
20..-20.. оқу жылы бойынша	
Жариянатын тақырыптары	1.
	2.
	3.
Жоспарланған ғылыми басылым атаулары және журналдың квартиль көрсеткіші	1.
	2.
	3.
Орындау мерзімі	Айы, жылы
	Айы, жылы
	Айы, жылы

2 ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІК

(болған жағдайда)

№	**Жетекшілік ететін ББББ атауы**	**Оқу жылы**

	(мамандық шифрымен)	
1		
2		
3		

3 ҚОСЫМША ШАРТТАР

(болған жағдайда)

№	Қосымша шарттың атауы және негіздемесі	Шарттың түрі	Шартты орындау мерзімі
1			
2			
3			

Постдокторант

_____ _____ «___»_____20__ж

(Аты-жөні) (қолы)

Ғылыми кеңесші

_____ _____ «___»_____20__ж

(Аты-жөні) (қолы)

Кафедра меңгерушісі

_____ _____ «___»_____20__ж

(Аты-жөні) (қолы)

Факультет деканы/ҒЗИ директоры

_____ _____ «___»_____20__ж

(Аты-жөні) (қолы)

ҚОСЫМША 5

Ф-СМБ-004

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Мерзімі	Қолы
1.	А. Досболов	бөлім басшысы	14.09.2022 ж	
2.	Г. Ахметова	жетекші маман	14.09 2022 ж	
3	Д. Мадалхан	маман	14.09.2022 ж	
4	Д. Толегенова	жетекші маман	01.12.2023 ж	

ҚОСЫМША 5

Ф-СМБ-002

Өзгертулерді тіркеу парағы

№ Р/с	Өзгеріс енгізу туралы шешім		Парақ нөмірі				Қағаз саны	Өзгерістерді енгізу мерзімі	Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға	
	Құжат	№ бұйрық	өзгертілген	Ауыстырылған	Жаңа	Есептен шығарылған			Аты-жөні	Қолы
1	Ғылым комит. №7 мәжіл.хат	Ғылым комит.жұм хат. №7 27.03.23	3,4,6,7 беттер	3,4,6,7 беттер	—	—	4	27.03.23ж	А.Досбаев	
2.	Ғылым комит. №1 мәжіл.хат	Ғылым комит.жұм хат. №1 22.09.2025	4,5,8 беттер	4,5,8 беттер	-	—	3	22.09.25	А.Досбаев	